

ANTIKOR

Әділетті қоғам болу үшін оның әрбір мүшесінің көкірек көзі ояу, жақсылыққа құштар, жаны ізгі болуға тиіс. Бұған қатысты ұлы данамыз Абай: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын», - деген. Қазақ халқы ежелден адалдықты, әділдік пен шындықты ту еткен. Аудандық «Парасат жолы» орталығында жергілікті зиялы қауым өкілдерінің



қатысуымен «Қазақ әдебиетіндегі адалдық және әділдік туралы» атты маңызды кездесу өтті.

Іс-шараның мақсаты – қазақ әдебиетіндегі адамгершілік, адалдық, әділдік ұғымдарын насихаттау. Кездесуді ашқан Нұра орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы С.Жұмабеков

Парасат алаңы «Бақыттың өзі адалдыққа негізделген»

алғашқы сөзді ауыл ақсақалы Ж.Кұлмағанбетовке берді. Одан кейін кездесуге қатысушылар Е.Әринов, М.Ақыжанов, Д.Бикенов осы тақырыпты өрбітіп, тәуелсіз еліміздің жастарына қазақ әдебиеті арқылы әділдік және адалдық қасиеттерін жеткізу қажеттілігін айтты.

Шәкәрім қажы адалдық турасында: «Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, ғибадат пен адалдықты ар үшін жи», - деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айтқан екен. Сондықтан, «шешен кісі - сөз бастар, адал кісі - ел бастар», - деп

Жамбыл атамыз айтпақшы, ұлттық мүдде, ұлттық құндылық деген ұлы ұғымдардың өз мәнін жастарға алдағы уақытта да жеткізуді жалғастырамыз.

С.Жұмабеков
Нұра орталықтандырылған
кітапханалар жүйесінің басшысы